



Қажылыққа қатысты кейбір сұрақтар

*Әбдул-Әзиз ибн Баз (Аллаһ оны рахым етсін)
пайдаларының аудармасы*

Ескертулер

t.me/uazakir

بسم الله الرحمن الرحيم

الحمد لله، وصلى الله وسلم على رسول الله، وعلى آله وأصحابه ومن اهتدى بهداه

Құрметті оқырмандар!

Барша әлемнің Раббысы Аллаһтың көмегімен сіздерге құрметті ғалым шейх Абдульазиз ибн Баздың (Аллаһ оны рахым етсін) қажылық туралы айтқан пайдаларының кейбірін аударып беруге тырыстым. Бұл аударма қасиетті Мекке қаласына Ұлы Аллаһқа ғибадат ету үшін қажылық жасауға аттанған қажыларға пайдалы болады деп үміттенеміз.

Қажылықтың шарттары, рүкіндері, уәжіптері, тыйым салынған істері және қажылықтың түрлері туралы қысқаша пайдалармен бастайық.

Қажылықтың шарттары

1. **Ислам дінінде болу** – адам мұсылман болуы керек.
2. **Ақыл-есі дұрыс болуы** – ақыл-есі кем болмауы тиіс.
3. **Балиғат жасына жету** – адам кәмелет жасына толуы қажет.
4. **Азат болу** – құл болмауы керек.
5. **Қажылыққа шамасы келуі** – денсаулығы мен қаржылық мүмкіндігі болуы тиіс.
6. **Махрамның болуы** (әйелдер үшін) – әйел адамның жанында күйеуі немесе әкесі немесе ағасы немесе інісі болуы қажет.

Қажылықтың рүкіндері

1. **Ихрамға кіру** – жүрекпен ниет ету.
2. **Арафатта тұру** – Зүль-Хиджа айының 9-күні Арафат жазығында тұру.
3. **Ифада тауафы** – қажылықтың негізгі тауафы (Қағбаны айналу).
4. **Са'и жасау** – Сафа мен Маруа төбелері арасында жүру.

Қажылықтың уәжіптері

1. Миқатта ихрамға кіру.
2. Арафатта күн батқанға дейін тұру.
3. Муздалифа жазығында түнеу.
4. Ташриқ күндері Минада түнеу (кемінде 2 түн, 3 түн абзалырақ).
5. Тәшриқ күндері тас лақтыру.
6. Шашты қыру немесе қысқарту (ер адамдар үшін шашты қыру абзал, әйелдерге – аздап қысқарту).
7. Тауаф әль-уадағ – қажылық аяқталған соң қоштасу ретінде жасалатын тауаф.

Қажылық кезінде (ихрам жағдайында) тыйым салынған істер

1. Денедегі кез келген шашты жұлу немесе қыру.
2. Тырнақ алу.
3. Хош иісті әтірлерді қолдану.
4. Тігілген киім кию (ерлерге қатысты).
5. Аң аулау.
6. Басты жабу (ер адамдарға).
7. Жұбайлық жақындасу (мысалы, сүйу, құшақтау).
8. Некелесу.
9. Жыныстық қатынас.
10. Ниқаб пен қолғап кию (әйелдерге).

Қажылықтың түрлері

1. **Таматтуғ қажылығы** – ең абзал түрі. Алдымен умра жасалып, кейін қажылық орындалады. Ихрамға екі рет кіреді: біріншісі – умра үшін, екіншісі – қажылық үшін. Мал сою міндетті.
2. **Қиран қажылығы** – умра мен қажылықты біріктіріп орындау. Барлық амалдарға бір рет ихрамға кіреді және қажылық біткенше ихрамда болады. Мал сою міндетті. Малы миқаттан өткенде қасында болуы керек.
3. **Ифрад қажылығы** – тек қажылық жасалады, умра орындалмайды, мал сою міндетті емес.

1. Зуль-Хиджа айының сегізінші күніне дейінгі амалдар

Кімде-кім Зуль-Хиджа айының сегізіне дейін Миқаттан тәлбия қылған болса, тіпті сегізінші күні болса да, Минаға бармай, бірінші Меккеге кіріп, тауаф пен са'и жасағаны абзал. Өйткені Пайғамбар ﷺ солай бастады. Егер ол Ифрад немесе Қиран қажылығын жасайтын болса, сол Ифрад пен Қиран үшін сол Тауаф әл-қудум мен бірге Са'и қылған абзал. Егер келген кезде Тауаф әл-қудум мен бірге Са'иды орындамаса, айт күні немесе одан кейін Тауаф әл-ифадамен бірге Са'и жасауы керек. Ифрад жасаушы мен Қиран жасаушыға бір са'и жеткілікті. Бірақ егер келген кезде Тауаф пен Са'и жасайтын болса шашына тиіспейді.

Егер Мутаматти'ғ¹ болса, алдымен умра жасап, сол умрасы үшін Тауаф, Са'и жасап, шашын қысқартады, сосын сегізінші күні қажылық үшін тәлбия айтып, Пайғамбарымыз ﷺ жасағандай Минаға шығады. Алайда Мутаматти'ғ жасаушы болса, Тауаф әл-ифадамен бірге тағы бір Са'и жасауы керек.

¹ **Мутаматти'ғ** – Таматтуғ қажылығын жасап жүрген адам

2. Зуль-Хиджа айының сегізінде болатын амалдар

Пайғамбарымыз ﷺ сегізінші күні Меккеден Минаға жолға шықты. Ол ﷺ Минада Зухр намазын екі рәкағат, Аср намазын екі рәкағат, Мағриб намазын үш рәкағат, Иша намазын екі рәкағат және Таң намазын екі рәкағат қылып және әрқайсысын өз уақытында және қысқартып оқиды және солай жасағаны жақсырақ. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ сегізінші күні Минаға жолға шыққанда осылай істеді.

3. Зуль-Хиджа айының тоғызыншы күнінде жасалатын амалдар

Арафа күні күн шыққаннан кейін Арафатқа: *"Ляббайкаллахумма ляббайка, ляббайка ля шариика ляка ляббайка, иннальхамда уанни'мата ляка уальмульк ляя шариика ляк"* – деп тәлбия айтып барады. Кімде-кім *"Аллаһу әкбар"* немесе *"Лә иләһә иллалЛаһ"* десе, рұқсат, бірақ Арафатқа барар жолда тәлбия айтқандары абзал.

Арафаға жеткен соң Зухр мен Аср намаздарын біріктіріп, екі рәкағаттан қысқарқан абзал, және бір азан және екі қомат айтумен оқиды. Мүмкін болса Намира мешітінде имаммен немесе оның орынбасарымен бірге намаз оқыса жақсырақ.

Пайғамбарымыз ﷺ мінілетін малдың үстінде отырып, құбылаға қарап, күн батқанша Аллаһқа дұға қылып, таһлиль айтып (*"ля Иляһа иллялЛаһ"* сөзі), такбир айтып (Аллаһты ұлықтап) өткізді. Қажылар да жамағат намазынан кейін әрқайсысы өз орындарына барып, осылай Пайғамбарымыз ﷺ сияқты жасауға әрекет етеді. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ: *"Адамдардың тозақтан өте көп азат етілетін Арафа күніндей күн жоқ. Расында, Аллаһ Тағала оларға жақындап, періштелердің алдында Арафада тұрушылармен мақтанады"* – деп айтқан.

4. Зуль-Хиджа айының оныншы түнінде болатын амалдар

Арафада күн батқаннан кейін, адамдар асықпай байсалдылықпен Муздалифаға жеткенше тәлбияны, таһлильді және такбирді айтып барады. Біреу басқа біреуге зиян тигізбеуі үшін Пайғамбарымыз ﷺ оларға: *"Тыныштық, тыныштық"* – деп айтқан болатын (мағынасы: жәймен, асықпай байсалдылықпен жүріңдер).

Муздалифаға жеткеннен кейін Мағриб пен Иша намаздарын бірге қосып және қысқартып оқиды, тіпті Мағриб уақытында болса да. Мағриб намазын үш рәкағат, Иша намазын екі ракағат, бір азан, екі иқама айтып оқиды. Әр

намаздың иқамасы бар, бірақ олардың арасында еш нәрсе оқымайды. Өйткені Пайғамбар ﷺ олардың арасында да, кейін де намаз оқымады. Ең дұрысы осы.

Содан кейін адамдар Муздалифада орналасады. Кім қаласа тамақтанады, кім қаласа ұйықтайды. Пайғамбар ﷺ намаз оқып, сосын ұйықтады, ал адамдар таңдауға ие. Келесі күндегі құлшылықтарға күш жинап алуы үшін ұйықтағаны абзал.

5. Зуль-Хиджа айының оныншы күні жасалатын үлкен төрт құлшылық бар

Олар:

- 1) Жамарат әл-ақобаға (немесе әл-кубро деп аталады) барып жеті тас тастау (21 емес);
- 2) Мутаматти'ғ мен Қарин² болса мал сою;
- 3) Шашты алу немесе қысқарту;
- 4) Тауаф әл-ифада мен Са'и қылу.

Муздалифада таң атқанда қажылар таң намазына азан айтып, иқама айтып оқиды. Олар Пайғамбарымыз ﷺ сияқты таңның сүннетін екі рәкағат, парызды екі рәкағат қылып оқиды. Содан кейін олар Пайғамбарымыз ﷺ сияқты Муздалифада күн сарғайғанша қолдарын көтеріп дұға қылумен және зікірмен айналысады, сосын күн шықпай тұрып Минаға жөнеледі. Бұл қажылар үшін сүннет.

Бірақ әлсіз адамдар үшін таң намазына дейін Муздалифадан ертерек кете берулеріне рұқсат. Пайғамбарымыз ﷺ өзімен бірге болған әлсіз әйелдерге, балаларға және басқаларға түннің соңында көпшіліктің алдында және қарбаластың алдында Минаға бара беруді бұйырды, бұл ұл жақсырақ. Егер олар басқалармен бірге қалса, рұқсат. Олар түннің соңында қасындағылармен бірге (әлсіздерге көмектесіп жүргендер) джамаратқа барып тас лақтыруға немесе лақтыруды түске дейін кешіктіруге рұқсат. Мұның бәрі оларға рұқсат етілген. Кімде-кім тастарды лақтырып, Қағбаға барып тауаф жасаса, рұқсат. Умму Сәләма (Аллаһ оған разы болсын) таң атқанша тастарды лақтырып, сосын Меккеге барып тауаф жасады.

Бірақ абзалы алдымен жамарат әл-ақобаға барып жеті (21 емес) тас тастайды, әр тасты лақтырған кезде Аллаһу әкбар деп айтады, және осы жерде тәлбияны тоқтатады. Тастардың көлемі саусақтың ұшындай кішкентай болу керек және қатты күшпен емес, жәй тастау керек.

Сосын соятын малы болса, күн шыққан соң сояды.

² Қарин – Қиран қажылығын жасап жүрген адам

Сосын шашты алады, тақырлатып алу жақсырақ, өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ шашын қырғандар үшін үш рет кешірім мен мейірім тілеп дұға еткен, ал қысқартқандар үшін бір рет дұға қылған.

Әйелдерге қырып алуға болмайды, олар тек саусақтың ұшындай көлемде қысқартуы керек.

Содан кейін тауаф жасалады. Егер са'ийды келген кезде жасамаған болса са'ий жасайды. Ал, Мутаматти'ғ жасаушы болса келген кезде умрасы үшін бір Са'ий жасайды және қажылық үшін тағы бір Са'ий жасайды.

Кімде-кім союдан басқа екі нәрсені істесе, бірінші тахаллюль орындалады. Осылайша ихрам кезінде оған тыйым салынған нәрселердің барлығы оған рұқсат етіледі, тек әйелдерден басқа. Ал, союдан басқа үшеуін орындаса, үлкен тахаллюль болады, оған ихрам кезінде оған тыйым салынған нәрселердің барлығы оған рұқсат етіледі, тіпті әйелі де рұқсат етіледі.

Кезекпен ретімен болуы міндетті емес (айт күнгі амалдар). Тас лақтырудан бұрын мал сойса, немесе тас лақтырудан бұрын және малды союдан бұрын немесе тауаф етуден бұрын шашын алса, рұқсат. Тас лақтырудан бұрын немесе мал союдан бұрын немесе шашты алудан бұрын тауаф қылса, рұқсат. Өйткені Айт күні Пайғамбарымыздан ﷺ бұлар туралы сұрағанда, ол: "Рұқсат, рұқсат" – деп жауап берді.

6. Зуль-Хиджа айының он бірінші күні (ташриқ күндері) жасалатын амалдар

Қажылар үшін Минада өткізу керек ташриқ күндері қалды. Ташриқ күндерінің алғашқы екі күнінде тас лақтыру – қажылықтың парыздарынан болып есептеледі. Сол сияқты Минада бірінші және екінші түндерінде түнеу парыз болып табылады.

Күн тас төбеден батысқа қарай өткеннен кейінгі уақытта (Зухр намазы кіретін уақытта) үш күннің әрқайсысында үш жамараттың әрқайсысына (тас тасталынатын жерге) тас лақтырады.

Тастарды лақтыру ретімен орындалуы керек.

Ол Хайф мешітінің жанындағы бірінші Жамараттан бастайды (жамарат әс-суғро немесе жамарат әл-уулә деп те аталады). Ол жеті тасты қатарынан лақтырады, әр тасты лақтырған кезде қолын көтеріп лақтырады. Сосын жамараттан артқа қарай жүріп, оны сол жағына қойып, құбылаға қарап, қолдарын көтеріп, дұға мен жалбарынуын көбейткені сүннет.

Сосын екінші жамаратты (жамарат әл-усто немесе жамарат әс-сәния деп те аталады) біріншідегідей сияқты лақтырады, оны лақтырғаннан кейін сәл ілгерілеп, жамаратты оң жағына қойып, құбылаға қарап дұға қылады.

Сосын үшінші жамаратқа (жамарат әл-кубро деп те аталады) тасты лақтырып, тас лақтырған соң, оның қасында бірінші мен екінші жамараттың қасында тоқтап дұға қылғандай тоқтамайды.

7. Зуль-Хиджа айының он екінші күні

Содан кейін ташриқ күндерінің екінші күні тас лақтырады. Пайғамбар ﷺ жасағандай түстен кейін және бірінші күні лақтырғандай лақтырады.

8. Зуль-Хиджа айының он үшінші күні

Ташриқ күндерінің екі күнінде тастарды тастағаннан кейін, үшінші күні кім асығып, Минадан ертерек кетуді қаласа, күн батқанға дейін кетуге рұқсат.

Кімде-кім қалып кешіктіріп, үшінші түнді өткізіп, үшінші күні тас тастаса, бұл жақсырақ әрі көбірек сауапқа ие болады, өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

{Санаулы белгіленген күндерде (Мина аңғарындағы үш күнде) Аллаһты еске алыңдар. Кімде-кім асығып, екі күнде рәсімін аяқтаса, күнә жоқ. Кім кешіктірсе де күнә жоқ. Бұл Аллаһтан қорқатындарға қатысты. Ендеше, Аллаһтан қорқыңдар және Оған жиналатындарыңды біліңдер.}

[Әл-Бақара сүресі, 203 аят]

Және Пайғамбар ﷺ адамдардың ерте кетулеріне рұқсат берді, алайда өзі асықпай, Минада он үшінші күні түстен кейін жамаратқа тастарды тастағанша қалды, сосын Зухр намазын оқымай Минадан шығып кетті.

Тас лақтыруға шамасы келмейтін балдардың немесе үлкен кісілердің қамқоршылары жамарат аль-ақобаға және басқа да жамаратқа тасты өзі үшін тастағаннан кейін, баласының атынан лақтыруы рұқсат. Өйткені Джәбир (оған Аллаһ разы болсын) айтады: *"Біз Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге қажылық жасадық, бізбен бірге әйелдер мен балалар болды, біз балалардың атынан тәлбия айттық және олар үшін тас лақтырдық".*

9. Қоштасу тауафы (Тауаф эль-уадағ) қажы үшін уәжіп (міндетті) - дұрыс пікір бойынша

Себебі Аллаһ Елшісі ﷺ: *"Ешкім Қағбадан соңғы істері – (қоштасу) тауаф болмайынша кетпесін"* – деген. Бұл хадисті Мұслим өзінің "Сахих" жинағында риуаят еткен.

Сондай-ақ Ибн Аббас (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) былай деген: *"Адамдарға Қағбамен қоштасуы – соңғы істері болсын деп әмір етілді, бірақ етеккір әйелдерге жеңілдік жасалды"*.

Сондықтан қажы адам қоштасу ретінде Қағбаны жеті рет тауаф етуі керек. Бұл – жай тауаф, са'и жасалмайды. Кейін екі ракағат намаз оқып, өз еліне қайтуына болады. Себебі Пайғамбарымыз ﷺ қажылықтан кейін осылай жасаған: қажылықты аяқтаған соң түннің соңында Меккеге кіріп, қоштасу тауафын жасаған, кейін Зуль-Хиджа айының 14-ші күні таң намазын оқып, Мәдинаға бет алған.

10. Қажылық кезінде уәжіп амалдарын (мысалы, ихрамға миқаттан кірмеу) орындамағаны үшін өтем (фидия)

- Харам аймағында кедейлер үшін бір қой сою керек, немесе бір түйенің жетіден бірі, не сиырдың жетіден бір үлесін таратуы тиіс;

- егер мұны жасауға мүмкіндігі болмаса – он күн ораза ұстауы керек, оның үш күні қажылық кезінде, қалған жетеуі үйге қайтқаннан кейін.

11. Егер қажылық жасаушы ихрам күйінде тыйым салынған әрекетті әдейі жасаса (мысалы, шаш немесе тырнақ алу, тігілген киім кию), онда ол:

- Алты кедейді тамақтандыруы керек (әрқайсысына жарты саъ³ мөлшерінде),
немесе
- бір қой сою керек,
немесе
- үш күн ораза ұстауы қажет.

³ Жарты саъ – 1,5 кг шамасында тамақ (мысалы, күріш немесе құрма).

Дәлелі: Қағб ибн Уджрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен сахих хадис.

Егер бұл әрекетті ұмытып немесе білмей істесе - онда өтем (фидия) талап етілмейді.

Дайындаған: Сәтімжан абу Муса

*Сұрақтар мен ұсыныстар бойынша келесі
поштаға хабарласуыңызды сұраймын:*

uazakkir@gmail.com